

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ**

**Қ.И. Сатпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті**

**6D074000 – «Наноматериалдар және нанотехнологиялар»  
мамандығының**

**ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГІ**

**Алматы 2015**

## **БІЛІМ АЛУШЫ МЕН ЭДВАЙЗЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖАДНАМА**

Мамандықтың барлық пәндері модульдер мен циклдер (бакалавриатта ЖБП, БП, ПП; магистратура мен докторантурада БП, ПП) бойынша бөлінген. Олардың ішінде пәндер міндетті және элективті (таңдау) пәндеріне бөлінген. Оқуға міндетті пәндердің тізімі мамандықтың үлгілік оқу жоспарында (ҮОЖ) келтірілген. Мамандықтың әр курсы үшін элективті пәндер тізімі элективті пәндер каталогында (ЭПК) келтірілген. ЭПК мамандықтың таңдау пәндерінің жүйеленген аннотацияланған тізімі болып табылады. ЭПК білім алушыларға оқытудың таңдалған траекториясына сәйкес элективті оқу пәндерінің альтернативті таңдау мүмкіндігін беруі керек.

Мамандық бойынша ҮОЖ бен ЭПК негізінде білім алушының оқу жылына жеке оқу жоспары (ЖОЖ) құрылады. ЖОЖ-ды шығарушы кафедра тағайындаған эдвайзердің көмегімен бакалаврлар мен магистранттар құрастырады. Докторанттар ЖОЖ-ды өздері құрастырады. ЖОЖ мамандық шегінде әрбір білім алушының жеке білім алу траекториясын анықтайды. ЖОЖ-ға ҮОЖ-дан міндетті компонент пәндері мен оқу қызметінің түрлері (практикалар, зерттеу жұмысы, мемлекеттік (кешенді) емтихан, дипломдық жұмысты (жобаны) жазу, диссертацияны ресімдеу және қорғау) және ЭПК-дан таңдау компоненті пәндері кіреді.

Еңбек нарығының және жұмыс берушілердің талаптарының есебімен нақты жұмыс саласына бағытталған білім беру траекториясының бакалаврларына көмек ретінде ЭПК шегінде білім алушыларға көзделген білім беру траекториясын меңгеруді кепілдейтін пәндер тізімі берілуі керек.

Элективті оқу пәндерін таңдаған кезде мыналарды есепке алу керек:

1 Бір семестрде міндетті түрде оқылатын оқытудың қосымша түрлерін (ОҚТ) есептемегенде, күндізгі оқыту бөлімінің студенті 18-22 кредитті (міндетті және элективті), сырттай оқыту бөлімінің студенті 9-12 кредитті (міндетті және элективті) игеруі тиіс.

2 Оқытудың барлық кезеңіндегі жалпы кредит саны мамандықтың ҮОЖ-нда көрсетілген саннан аспауы керек.

3 Элективті пәндер тиісті нөмірі бар таңдау топтарына біріктірілген. Пәндердің әр тобынан бір ғана элективті оқу пәнін таңдауға болады.

**6D074000 – «Наноматериалдар және нанотехнологиялар» мамандығы**

**Ғылыми дәреже – философия докторы (Ph.D.)**  
**Наноматериалдар және нанотехнологиялар**  
**мамандығы бойынша**

**1**  
**(оқыту курсы)**

№	Модульдің атауы	Пәннің циклы	Пәннің коды	Пәннің атауы	Кредит саны	Семестр
1	<b>Нанотехнология және наноматериалдар технологиясы модулі</b>	БП 1.2.1.1	MPNM	Наноматериалдарды алудың әдістері	3	1
		БП 1.2.1.2	MLK	Молекулярлы лигандалы кластерлер	3	1
		БП 1.2.1.3	VDPChSM	Материалдардың физика-химиялық қасиеттеріне дисперстіліктің әсері	3	1
		БП 1.2.1.4	FTNS7302	Кішіөлшемді жүйелер физикасы мен технологиясы	3	1
		БП 1.2.1.5	TON7205	Наноплазманиканың теориялық негіздері	3	1
2	<b>Наноқұрылымдық наноматериалдардың физико-химиялық ерекшеліктері модулі</b>	БП 1.2.2.1	SSNDM	Нанодисперсті материалдардың құрылымы мен қасиеттері	3	1
		БП 1.2.2.2	FHONM	Наноқұрылымдық материалдардың физика-химиялық негіздері	3	1
		БП 1.2.2.3	TOPSONM	Наноматериалдар аймғының мамандарын дайындаудың теориялық негіздері	3	1
		БП 1.2.2.4	NE7209	Электроникадағы нанотехнология	3	1
		БП 1.2.2.5	MPEMIN 7210	Наноқұрылымды зерттеудегі жарықтандырылған электрондық микроскопия әдісі	3	1
		БП 1.2.3.1	INT	Нанотехнологиялар аспаптары	3	1
		БП 1.2.3.2	VETOM	Материалдардың өңдеудің жоғары энергетикалық технологиялары	3	1
		БП 1.2.3.3	ISNI	Ғылыми зерттеудегі ақпараттық жүйелер	3	1
		БП 1.2.3.4	MZMIN 7214	Наноқұрылымды зерттеудегі зондтық микроскопия әдісі	3	1
		БП 1.2.3.5	FSSPR7215	Кішіөлшемді құрылымдардың физикалық қасиеттері	3	1
3	<b>Нанохимия және наноматериалдар модулі</b>	БП 1.3.1.1	KMNS	Наноқұрылымдарды компьютерлік модельдеу	3	1
		БП 1.3.1.2	CSNT	Нанотехнологиялардағы коллоидты жүйелері	3	1
		БП 1.3.1.3	TNO	Ғылыми білім беру теориясы	3	1
		БП 1.3.1.4	ON7219	Наноқұрылымдар оптикасы	3	1
		БП 1.3.1.5	ON7220	Оптикалық наноқұрылғылар	3	1

		БП 1.3.2.1	NTHP	Химия өнеркәсібіндегі нанотехнологиялар	3	1
		БП 1.3.2.2	FNMOP	Органикалық табиғатымен функционалдық наноматериалдары	3	1
		БП 1.3.2.3	NPIONT	Нанотехнология аймағының ғылыми-педагогикалық инноватикасы	3	1
		БП 1.3.2.4	SMVF7224	Есептеуіш физиканың заманауи әдістері	3	1
		БП 1.3.2.5	KM7225	Компьютерлік моделдеу	3	1
4	<b>Функционалдық бағыттарымен наноматериалдар модулі</b>	ПП 2.2.1.1	NFP	Наноөлшемді функционалдық қаптамалар	3	2
		ПП 2.2.1.2	MPP	Жартылай өткізгіштер материалтануы	3	2
		ПП 2.2.1.3	SMIPSONT	Нанотехнология аймағының мамандарын дайындаудың ғылыми-әдістемелік инструментариясы	3	2
		ПП 2.2.1.4	FOTNN 7304	Нанокластерлер мен нанокұрылымдар технологиясының физикалық негізі	3	2
		ПП 2.2.1.5	ESTT7306	Қатты денелердің электронды құрылымы	3	2
		ПП 2.2.2.1	NPNK	Наноұнтақтар және нанокөміртектер	3	2
		ПП 2.2.2.2	MDAN	Наноматериалдар диагностикасы және талдау әдістері	3	2
		ПП 2.2.2.3	ASNP	Нанокұрылымдық қаптамалардың адгезиялық қасиеттері	3	2
		ПП 2.2.2.4	NRUN7310	Наноалмастар және туыс көміртекті наноматериалдар	3	2
		ПП 2.2.2.5	UNN7311	Көміртекті нанокластерлер және нанокұрылымдар	3	2
		ПП 2.2.3.1.	FUNT	Фуллерендер және көміртекті нанотүтіктер	3	2
		ПП 2.2.3.2	NONFSM	Материалдар қасиеттерін бағытты қалыптастырудың ғылыми негіздері	3	2
		ПП 2.2.2.3	NMVP	Жоғары беріктігімен нанокристалдық материалдар	3	2
		ПП 2.2.2.4	NN7315	Нанокөміртектер және нанокерамика	3	2
		ПП 2.2.2.5	PPNN7316	Наноөлшектер және наноматериалдарды алу процестері	3	2
5	<b>Аз өлшемді жүйелер мен қазіргі заманғы технологиялар модулі</b>	ПП 2.2.4.1	ONM	Көлемдік наноматериалдар	3	2
		ПП 2.2.4.2	UNM	Көміртекті наноматериалдар	3	2
		ПП 2.2.4.3	EMIFM	Функционалдық материалдарды зерттеудің эксперименттік әдістері	3	2
		ПП 2.2.4.4	ASNZM 7320	Атомды-күштік және туннельді және зондтық микроскопия	3	2
		ПП 2.2.4.5	DMPNM 7321	Нанокұрылымды материалдардағы пластикалықтың ақаулары және механизмдері	3	2

		ПП 2.2.5.1	MNK	Металдық нанокластерлер	3	2
		ПП 2.2.5.2	FSSNP	Жіңішке қабыршақтардың құрылымы мен қасиеттерді қалыптастыру	3	2
		ПП 2.2.5.3	AVPZ	Коррозияға қарсы күресудің маңызды мәселелері	3	2
		ПП 2.2.5.4	PGP7324	Шалаөткізгішті гетероқұрылымдар және оларға негізінделген аспаптар	3	2
		ПП 2.2.5.5	FKYa7325	Кинетикалық құбылыстар физикасы	3	2
		ПП 2.2.6.1	AKCINM	Наноматериалдарды құрылымдық зерттеу және аналитикалық бақылау	3	2
		ПП 2.2.6.2	BMNS	Наножүйедегі биоматериалдар	3	2
		ПП 2.2.6.3	DPOINM	Наноматериалдарды зерттеудің тәжірибелік дидактикасы	3	2
		ПП 2.2.6.4	EBZN7328	Зондтық нанотехнология негізіндегі элементтік база	3	2
		ПП 2.2.6.5	BUKA7329	Баллистика және космостық аппараттарды басқару	3	2

## MPNM – Наноматериалдарды алудың әдістері – 3 кредит

**Пререквизиттері:** Наносистемалардың жалпы проблемалары. Материалдар сапасы мен сенімділігін басқару.

**Оқыту мақсаты:** докторанттарды наноматериалдарды алудың негізгі әдістерімен таныстыру, осы материалдардың ерекше қасиеттерін және оларды қолдану аумақтарын зерттеу

**Қысқаша мазмұны:** Наноматериалдар топтамасы. Наноматериалдарды алу технологиясы: «үстінен – астына» және «астынан – үстіне». Наноұнтақтарды алу әдістері. Наноұнтақтардан бұйымдарды қалыптастыру әдістері. Диспергиялық әдістер. Аморфтауды қолданумен әдістер. Интенсивті пластикалық деформацияны қолданумен әдістер. Физикалық процестерге негізделген технологиялар. Булы фазадан физикалық тұндыру. газды–термиялық тозаңдату. Лазерлі әдістер. Химиялық процестерге негізделген технологиялар. Булы фазадан химиялық тұндыру. Жарықтық және электрондық литография.

**Күтілетін нәтижелер:** Пәнді оқу барысында докторант білуі қажет: прогрессивті әдістермен нанокұрылымды материалдарды алудың негізгі принциптері туралы; наноөлшемді материалдарды синтездеудің негізгі принциптерін, олардың қасиеттері мен қолдану аумағын; физикалық, химиялық, және технологиялық процесстерді моделдеуді; процесстердің тиімділігін және материалдардың қасиеттерін болжамдауды; тасымалдау талаптарын ескере отырып, әр түрлі мақсаттағы өнімдерге қажет материалдарды таңдауды; технологиялық процесстерді дайындауды; материалдарды алу мен өңдеудің технологиялық цикліне болжам жасай алуды; синтезделген наноматериалдардың қасиеттерін зерттеуді және алу процесстерінің құрылғыларын ресімдеу дағдыларын.

**Постреквизиттері:** «Наноматериалдарды алудың әдістері» пәнінен алған білімдерін докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауда, докторлық диссертациялық жұмыстарын дайындауда және жазуда, сонымен қатар алдағы кәсіби қызметтерінде қолданады.

## MLK – Молекулярлы лигандалы кластерлер – 3 кредит

**Пререквизиттері:** Наносистемалардың жалпы проблемалары.

**Оқыту мақсаты:** оң және теріс корроляциялық энергияның қазіргі заманғы физикалық моделін қолданумен наножүйелердің электрондық және кристалдық құрылымын жазып түсіндіру үшін нанокұрылымдарда кластерлердің түзілуін, өзіндік жинақталуын және өзіндік ұйымдастырылуының теориялық негіздерін оқыту.

**Қысқаша мазмұны:** Нанокластерлі системалар. Нанокластерлерді топтамасы және оларды алу әдістері. Нанокұрылымға нанокластерлерді ұйымдастыру (өзін-өзі ұйымдастыру) тәсілдері. Нанокластерлік құрылымдарды синтезі және топтамасы. Металдардың молекулярлы лигандты кластерлері. Газды-фазалы лигандсыз кластерлер. Наносистемалар – молекулярлы үстілік құрылымдар және коллоидты кластерлер. Қатты

денелі кластерлер. Жекелендірілген кластерлер және олардың қасиеттері. Ерітіндідегі молекулярлы лигандты кластерлер. Көміртегі кластерлері. Фуллеренді, фуллеридті және фуллерентәрізді құрылымдарды ұйымдастыру. нанокластерлік системалардың оптикалық, электрлік, магниттік қасиеттері.

**Күтілетін нәтижелер:** мынаны білуі керек: нанобөлшектерде пайда болатын негізгі өлшемдік эффектілер туралы білімді алу; микро- және наножүйелерде жүретін физикалық және химиялық процестердің мәнін және құбылыстарын; қолдану саласына қарай жеке нанобөлшектерден наножүйелердің қалыптасу әдісінің негізін.

**Постреквизиттері:** «Молекулярлы лигандалы кластерлер» пәнінен алған білімдерін докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауда, докторлық диссертациялық жұмыстарын дайындауда және жазуда, сонымен қатар алдағы кәсіби қызметтерінде қолданады.

### **VDPChSM – Материалдардың физика-химиялық қасиеттеріне дисперстіліктің әсері – 3 кредит**

**Пререквизиттері:** Наносистемалардың жалпы проблемалары.

**Оқыту мақсаты:** ультрадисперстік материалдарды зерттеудің физика-химиялық негіздері, оларды алу әдістері, негізгі қолдану аймақтары туралы білім алу, білімгерлерде аспаптық, жалпыкәсіптік және арнайы кәсіптік компетенциялар қалыптастыру.

**Қысқаша мазмұны:** Нанодисперсті материалдар және олардың физика-химиялық қасиеттері. Наноөлшемді және ультрадисперсті объектілерді модельдеу принциптері. Дисперстілік және өлшемді эффектілер. Нано- және ультрадисперсті материалдар және оларды алу әдістері. Дисперстіліктің материалдардың термодинамикалық қасиеттеріне әсері. Фаза аралық шекараларға физика-химиялық құбылыстардың әсері. Дисперсті жүйелердің кинетикалық қасиеттері. Дисперсті жүйелердің молекулярлы-кинетикалық қасиеттері. Дисперсті жүйелердегі агрегациялық процестер. Ультрадисперсті материалдарды қолдану аймақтары. Нанодисперсті ұнтақтар: алу әдістері және оларды тәжірибелік қолдану тәсілдері. Наноұнтақтар алу тәсілдерін және технологиясын талдау. Аса берік ультражеңіл наноматериалдардың құрылымы мен физикалық қасиеттерінің параметрлері. Нанодисперсті полимерлі материалдар.

**Күтілетін нәтижелер:** жүйенің термодинамикалық және кинетикалық қасиеттеріне дисперстіктің әсерінің негізгі заңдылықтарын, фазалық шекарадағы физика-химиялық құбылыстар негіздерін, ультрадисперстік материалдар қасиеттерінің негізгі ерекшеліктері, алу әдістері мен қолдану аймағын білу;

дисперстік фаз бөлшектерінің орташа өлшемін анықтай білу, рН дисперсияны өлшеу жүргізу, ультрадисперстік бөлшектердің электрбеттік сипаттамаларын анықтау, алынған нәтижені интерпретациялау, ультрадисперстік материалдар қолдану бойынша әдебиеттен мәліметтер іздеу, физика-химиялық анализ негізінде ультрадисперстік материалдардың технологияда қолданылу тиімділігін болжау;

**Постреквизиттері:** «Материалдардың физика-химиялық қасиеттеріне дисперстіліктің әсері» пәнінен алған білімдерін докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауда, докторлық диссертациялық жұмыстарын дайындауда және жазуда, сонымен қатар алдағы кәсіби қызметтерінде қолданады.

### **FTNS7302 Төмен өлшемді жүйелердің физикасы және технологиясы – 3 кредит**

**Пререквизиттер:** FKS 2.1.1 Конденсирленген күйлер физикасы.

**Оқыту мақсаты:** Докторанттарда төмен өлшемді құрылымдар физикасының негіздері, оларды алу және қолдану әдістері жөнінде заманауи ғылыми түсінік қалыптастыру.

**Қысқаша мазмұны:** төменөлшемді жүйелер физикасы оптоэлектроника, наноэлектроника, жаңа заманғы ақпараттық жүйелер құрылғылары мен құралдарын жасаудың негізгі теориялық базасы болып табылады. Пәнді оқыту барысында квази- екі өлшемді шұңқырлар, квази-бір өлшемді және кванттық жіптер және квази-нөл өлшемді кванттық нүктелер, өлшемді квантталу принципі және кванттық өлшемді құбылыстарды бақылау шарттары, сондай-ақ, күйлер тығыздығы функцияларының ерекшеліктері және төмен өлшемді жүйелердегі заряд тасымалдаушыларының статистикалары, кванттық шұңқырлардың оптикалық қасиеттері және кинетикалық эффектілер қарастырылады.

**Күтілетін нәтижелер:** төменөлшемді жүйелер физикасы және технологиясына қатысты теориялық және эксперименттік-практикалық есептерді шешу дағдысы қалыптасады.

**Постреквизиттер:** кәсіптік және арнайы пәндер.

### **TON7205 Наноплазмониканың теориялық негіздері – 3 кредит**

**Пререквизиттер:** Конденсирленген күйлер физикасы.

**Оқыту мақсаты:** Қарапайым атомдар мен молекулалардың толқындық функциялары мен спектрі арасындағы аналогияны ескере отырып, бірінші жағынан, нанобөлшектердегі плазмондық тербелістерді қолдануды және жүйелік қасиеттерін сипаттау, екінші жағынан, нанобөлшектер кластерлеріндегі және оқшауланған нанобөлшектердегі плазмондық тербелістерді сипаттау.

**Қысқаша мазмұны:** «Наноплазмониканың теориялық негіздері» пәні нанометрлік өлшемді аспаптар мен сенсорлардың технологиясы мен әдістері, нанобөлшектердің плазмондық қасиеттерін сипаттау әдістері, әртүрлі пішіндегі нанобөлшектердің оптикалық қасиеттерін бағалау әдістері туралы түсінік береді. Наноплазмониканың ең жаңа ашылулары медицинадан бастап электроникаға дейін, сондай-ақ, "көзге көрінбейтін плащтар" мен "идеал линзаларды" жасауда қолданылады.



**Күтілетін нәтижелер:** Докторанттарда әртүрлі нанокұрылғыларды, мысалы, биология мен медицинада қолданылатын толығымен оптоэлектрондық құрылғылармен жабдықталған сенсорларды және т.б., жасаумен байланысты теориялық есептерді шешу дағдысы қалыптасады. Мұндай есептерді шешу барысында беттік плазмондармен («металл-диэлектрик» шекарасы бетінде таралатын плазмондар) қатар, нанобөлшектердегі электрондардың тербелісімен байланысты шоғырланған плазмондар да маңызды орын алады.

**Постреквизиттер:** кәсіптік және арнайы пәндер.

### **SSNDM – Нанодисперсті материалдардың құрылымы мен қасиеттері – 3 кредит**

**Пререквизиттері:** Жаңа материалдар. Наносистемалардың жалпы мәселелері.

**Оқыту мақсаты:** осы заманғы түрлі аспаптар мен құрылғылар үшін қатты материалдар қасиеттерін қалыптастыру мәселелерінің қазіргі заманғы күйі мен ультра-және нанодисперстік және қатты материалдардың синтезі және аттестациясының қазіргі заманғы әдістерін зерттеу.

**Қысқаша мазмұны:** Нанодисперстік металл тотықтарының синтезі. Нанодисперсті материалдарды қазіргі заман талабына сай синтездеу. Нақты қасиетке ие материалдар алудың ғылыми негіздері. Металл тотықтарының фазалық құрамы және қасиеттері. Металл тотықтарының наноұнтақтарын синтездеудің негізгі әдістері. Синтезделген материалдардың белгілі бір қасиетінің қалыптасуына прекурсордың әсері. Металл ұнтағы, олардың сульфиді мен буларының оттегімен тотығуы. Металл гидроксидтерінің термиялық ыдырауы, отырғызу әдісімен оттектендірілген қышқыл тұздарын – карбонаттар, нитраттар, сульфаттар, сонымен қатар газ фазалы және бу фазалы термолиз жағдайындағы хлоридтердің металл гидроксидтерінің термиялық ыдырауы. Плазмалы оксидендіру. Электрхимиялық тотығу. Плазма жағдайында наноұнтақтарды синтездеу.

**Күтілетін нәтижелер:** қатты тотықтардың химиялық және физикалық қасиеттері құрылымы, алу әдістері, зерттеу әдістері; нанодисперстік материалдарға сыртқы физикалық және физикалық-химиялық әсерлер салдарынан болатын негізгі процестер туралы білім болуы тиіс; нанодисперстік материалдарды эксперименттік зерттеу үшін алған білімді қолдана білу, алған нәтижені нанодисперстік материалдарды интерпретация және диагностика үшін пайдалана алуы керек.

**Постреквизиттері:** «Нанодисперсті материалдардың құрылымы мен қасиеттері» пәнінен алған білімдерін докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауда, докторлық диссертациялық жұмыстарын дайындауда және жазуда, сонымен қатар алдағы кәсіби қызметтерінде қолданады.

### **FNONM – Нанокұрылымдық материалдардың физика-химиялық негіздері – 3 кредит**

**Пререквизиттері:** Жаңа материалдар. Наносистемалардың жалпы мәселелері

**Оқыту мақсаты:** нанотехнологиялар негіздерін, наноматериалдар синтезінің негізгі принциптерін және наноматериалдар қасиеттерін алу және зерттеудегі сәйкес процесстерді аппаратуралық рәсімдеуде докторанттардың танымдық және жаңартушылық әрекетін жандандыру.

**Қысқаша мазмұны:** Нанотехнологияның пайда болу тарихы мен даму жолдары. Жаңадан пайда болған фазаның гетерогенді түзілуі. Қатты затты бетіндегі жаңа фазаның дымқылдануының рөлі. Дисперсиялық жүйелердегі агрегативті және седиментация тұрақтылығы. Гиббс-Фольмер бойынша жаңадан пайда болған фазаның түзілуінің термодинамиялық теориясы. Жаңадан пайда болған фазаның гомоген түзілуі. Жаңа фаза бөлшектерінің өсу жылдамдығы. Бөлшектерді өсірудің диффузиялық және кинетикалық режимдері. Кристалдағы нақты ақаудың құрылымдағы рөлі. Дерягин бойынша айырылатын қысымдар. Молекулярлық құраушы айырылатын қысымдар. (Гамакеру-Де-Буру) бойынша бөлшектердің өзара әрекеттесуі. Нанотехнологияны микро-электроникада қолдану. Нанообъектілерді құру бойынша «жоғарыдан-төменге» және «төменнен-жоғарыға» атты екі қағидалары. Нанотехнологияның өсіп-өркендеу мүмкіндіктері.

**Күтілетін нәтижелер:** пәнді меңгеру нәтижесінде докторанттар нанотехнологиялар негізгі принципін, наноқұрылымдар қалыптастыру туралы білімдерін кеңейтуі тиіс; орнықты нанодисперстік жүйелердің материалдар ретінде функциясын, ролін түсіну; нанодисперстік жүйелерде құрылым түзу процесін және реологиялық қасиеттері қимылын көрсетуі керек; алған білімді жаңа наноматериалдар жасауда қолдана білуі, сондай-ақ қолданыстағы материалдардың тәжірибеде орынды пайдаланылуы үшін алған білімді қолдана білу керек.

**Постреквизиттері:** «Наноқұрылымдық материалдардың физика-химиялық негіздері» пәнінен алған білімдерін докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауда, докторлық диссертациялық жұмыстарын дайындауда және жазуда, сонымен қатар алдағы кәсіби қызметтерінде қолданады.

### **TOPSONM – Наноматериалдар аймағының мамандарын дайындаудың теориялық негіздері – 3 кредит**

**Пререквизиттері:** Жаңа материалдар. Наносистемалардың жалпы мәселелері

**Оқыту мақсаты:** зерттеуші маманды дайындау негізіндегі зерттеу қызметінің әдістемелік оқыту, сонымен қатар, наноматериалдар мен нанотехнологиялар туралы ғылымдарды оқытуда зерттеушілік тәсілдерді қолдануды қалыптастыру.

**Қысқаша мазмұны:** Наноматериалдар саласындағы зерттеуші мамандар даярлаудың рөлі және мағынасы. Наноматериалдар саласындағы зерттеуші мамандар даярлау контексінде зерттеу қызметін ұйымдастырудың теориялық және методологиялық негіздері. Ғылыми ізденістің методологиясы. Зерттеу жұмысын үйретудің ғылыми-педагогикалық негіздері. Ғылыми эксперименттеу. Ғылымға бағытталған принциптері. Наноматериалдар саласындағы зерттеуші мамандар даярлаудың ғылыми-педагогикалық құралдары. Оқитын білім саласындағы

фундаменталдық, көпшілік мақұлдаған және арнайы ұғымдары. Наноматериалдар саласының мамандарын даярлау мазмұнын педагогикалық жобалау әдістері.

**Күтілетін нәтижелер:** пәнді меңгеру барысында докторанттар ғылыми ізденістің әдістемелік негіздеріне ие болуы қажет; зерттеуші маманды дайындау саласында ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеру; ғылыми мәселелерді шешу кезінде нанотехнологиялар саласындағы теоретикалық білімін және тәжірибелік икемділігін жеңіл қолдана алу қабілеттілігі.

**Постреквизиттері:** «Наноматериалдар аймағының мамандарын дайындаудың теориялық негіздері» пәнінен алған білімдерін докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауда, докторлық диссертациялық жұмыстарын дайындауда және жазуда, сонымен қатар алдағы кәсіби қызметтерінде қолданады.

### **NE7209 Электроникадағы нанотехнологиялар – 3 кредит**

**Пререквизиттер:** Төмен өлшемді жүйелер физикасы.

**Оқыту мақсаты:** наноэлектроника элементтері мен нанокұрылымдарды қалыптастырудың технологиялық ерекшеліктері, наноэлектрониканың физикалық негіздері мен негізгі түсініктерімен таныстыру.

**Қысқаша мазмұны:** наноэлектроника – бұл математикалық және компьютерлік модельдеу, жобалау, құрастыру, өндіру технологиясы, материалдарды өндіру және қолдану, құраушыларды, электрондық құралдарды, құрылғыларды, вакуумдық қондырғыларды, плазмалық, қатты денелі, микротолқынды, оптикалық, әр түрлі қолданыстағы микро- және наноэлектрониканы теориялық және тәжірибелік зерттеуге бағытталған адам әрекетінің әдіс пен тәсіл, құралдарының жиынтығынан тұратын ғылым мен техника аймағы.

**Күтілетін нәтижелер:** докторанттар жоспарлау, берілген әдіспен тәжірибе жүргізу, нәтижелерді заманауи ақпараттық технологиялар және техникалық құралдармен өндеуді үйренеді.

**Постреквизиттер:** PGP7324 шала өткізгішті гетерокұрылымдар және соның негізіндегі аспаптар.

### **MPREMIN7210 Нанокұрылымды зерттеудегі жарықтандырылған электрондық микроскопия әдісі– 3 кредит**

**Пререквизиттер:** Конденсирленген күйлер физикасы.

**Оқыту мақсаты:** Докторанттарда электрондық микроскопиялық талдау мүмкіндіктерімен таныстыру, аппаратурамен жұмыс жасаудың практикалық дағдылануды және стандартты электрондық микроскопиялық кескіндердің физикасы мен техникасының түсініктерін қалыптастыру.

**Қысқаша мазмұны:** Курстың негізгі міндеті – докторанттарға жарықтандырылған электрондық микроскопияның негіздері: аспаптың құрылысымен негізгі сипаттамалары, электрондардың затпен әсерлесуі және айқындылықтың қалыптасуы теориясы, кескінді интерпретациялау жөнінде мағлұматтар беру. Арнайы курс жалпы физика курсы, кванттық механика, кристаллография және рентгендік құрылымдық талдау арнайы курстарына негізделген.

**Күтілетін нәтижелер:** эксперименттік зерттеулер жүргізу және нәтижені өңдеу дағдысы қалыптасады.

**Постреквизиттер:** кәсіптік және арнайы пәндер.

### **INT – Нанотехнологиялар аспаптары – 3 кредит**

**Пререквизиттері:** Наносистемалардың жалпы проблемалары. Жаңа материалдар.

**Оқыту мақсаты:** докторанттардың наноматериалдар қасиеттерін зерттеудің физикалық әдістері туралы білім алуы; наноматериалдар диагностикасының эксперименттік әдістерін үйрену; докторанттарда эксперименттік зерттеуге тәжірибелік дағдыландыру және наноматериалдарды эксперименттік зерттеу нәтижелерін өңдеу әдістерін меңгеру.

**Қысқаша мазмұны:** Нанотехниканың даму тарихы. Нанообъектілерді зерттеу әдістері. Электрондық жарықтандырушы микроскопия. Электрондық сканерлеуші микроскопия. Сканерлеуші зондалы микроскопия. Сканерлеуші туннельді микроскопия. Атомдық-күшті микроскопия. Жақын өрісті сканерлеуші оптикалық микроскопия. Зондалы нанолитография. Ядролық магнитті резонанс. Наноматериалдардың механикалық қасиеттерін зерттеу әдістері. Наноиндентер. Наноөлшегіштер. Нанопинцет. Наноматериалдардың химиялық құрамын анықтау әдістері. Спектроскопия. Зондалы лаборатория. Наноқұрылымдарды модельдеу.

**Күтілетін нәтижелер:** наноматериалдарда сыртқы физикалық және физикалық-химиялық әсерлер салдарынан болатын негізгі процестерді **білуі** керек;

наноматериалдарды эксперименттік зерттеу үшін алған білімдерін қолдана білуі, алған нәтижені наноматериалдар интерпретациясында және диагностикасында пайдалана **алуы** керек;

эксперименттік зерттеу әдістерін, эксперименттік зерттеу нәтижелерін өңдеу әдістерін меңгере **алуы** керек.

**Постреквизиттері:** «Нанотехнологиялар аспаптары» пәнінен алған білімдерін докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауда, докторлық диссертациялық жұмыстарын дайындауда және жазуда, сонымен қатар алдағы кәсіби қызметтерінде қолданады.

## УЕТОМ – Материалдардың өңдеудің жоғары энергетикалық технологиялары – 3 кредит

**Пререквизиттері:** Наносистемалардың жалпы проблемалары. Материалдар сапасы мен сенімділігін басқару.

**Оқыту мақсаты:** жаңа функционалдық материалдардың құрылымдарының түзілу заңдылықтарын қалыптастыру және қазіргі заманғы Материалдарды өңдеудің жоғары энергетикалық технологияларын жасаудың замануға теориялық және эксперименттік материалтануының маңызды мәселелері шешу, сонымен қатар берілген қасиеттерімен материалдар дизайнының принциптерімен, оны жасаудың жаңа жолдарымен танысу.

**Қысқаша мазмұны:** Энергияның жоғары модульді көздері. Материалдарды лазерлі өңдеу. Беттік термиялық беріктендіру. Ұнтақты жабындыларды плазмалық тозаңдату. Болаттарды жоғары жиілікті импульсті өңдеу. Материалдарды радиациялық (электронды-сәулелітехнология) өңдеу. Материалдарды жарылыспен өңдеу. Жарылысты пісіру. Жарылыспен материалдарды плакирлеу. Жарылыспен металды беріктендіру. Алмасды синтездеу және соққылы толқынмен аса қатты материалдар регенерациясы. Бөлшектрді жоғары энергетикалық өлшемді ультрадыбысты өңдеу. Кедір-бұдырлықты азайту үшін беткі қабатты модифицирлеу.

**Күтілетін нәтижелер:** доктранттар осы пәнді оқу барысында мынаны білуі керек: функционалдық материалдардың физика-механикалық, беттік, электромагниттік қасиеттерін; функционалдық материалдардың, соның ішінде нанобөлшектер мен наноқаптамаларға қатысты берілген құрылым мен қасиеттерін қамтамасыз ететін материалдар құрылымы мен олардың технологиялық процестерімен өзара негізгі байланыстарын.

**Постреквизиттері:** «Материалдардың өңдеудің жоғары энергетикалық технологиялары» пәнінен алған білімдерін докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауда, докторлық диссертациялық жұмыстарын дайындауда және жазуда, сонымен қатар алдағы кәсіби қызметтерінде қолданады.

## ISNI – Ғылыми зерттеудегі ақпараттық жүйелер – 3 кредит

**Пререквизиттері:** Наносистемалардың жалпы проблемалары. Материалдар сапасы мен сенімділігін басқару.

**Оқу мақсаты:** осы заманғы ақпараттық технологияларды пайдаланып ақпараттану (ақпарат сақтау, жіберу және өңдеу) теориялық негіздері аймағында жүйелі білім қалыптастыру және әмбебап мақсаттағы қолданбалы программалар ортасында ақпарат өңдеу бойынша теоретикалық білімді бекіту.

**Қысқаша мазмұны:** Замануға ақпараттық наножүйелер. Жүйелерді және процестерді модельдеу. Ғылыми зерттеулерді ақпараттық қамтамасыздандыру. Қазіргі заманғы техникаға сай технологиялар мен ақпараттық жүйелердің рөлі. өнеркәсіптің қолданбалы мәселелерін шешуде ақпараттық қамтамасыздандыру. Математикалық

бағдарламалау әдістері, математикалық статистика, басқару процестерін модельдеудің типтік мәселелері мен жабдықтары. Ақпараттық жүйелер топтамасы. Құрылымдық және құрылымдық емес мәселелер, жартылай құрылымдық мәселелерді шешуде қолданылатын ақпараттық жүйелер түрлері.

**Күтілетін нәтижелер:** қазіргі заманғы компьютерлік техниканы пайдалану мүмкіндігі мен принциптерін; білім мен ғылымда тораптық және мультимедиа технологиясын пайдалану алуы; ЕТ мен программалар мүмкіндіктерін пайдаланып, тәжірибелік есептерді шешуде теоретикалық білімді пайдалану алуы; нанотехнология аймағында кәсіптік және ғылыми әрекетте компьютерлік және мультимедиа технологиясын қолданып, арнайы есептерді шешу әдістерін білуі керек.

**Постреквизиттері:** «Ғылыми зерттеудегі ақпараттық жүйелер» пәнінен алған білімдерін докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауда, докторлық диссертациялық жұмыстарын дайындауда және жазуда, сонымен қатар алдағы кәсіби қызметтерінде қолданады.

### **MZMIN 7214 Нанокұрылымды зерттеудегі зондтық микроскопия әдісі – 3 кредит**

**Пререквизиттер:** конденсирленген күйлер физикасы, кванттық механика негіздері, шалаөткізгіштер физикасы.

**Оқыту мақсаты:** Докторанттарда нанокұрылымдық материалдарды зерттеу барысындағы зондтық микроскопияның мүмкіндіктері, физикасы және техникасы жөнінде түсінік қалыптастыру.

**Қысқаша мазмұны:** Сканирлеуші зондтық микроскопия жоғары кеңістіктік ажыратқыштыққа ие объектілердің физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу барысында нанотехнологияда кеңінен қолданылатын төсеніш бетін модификациялау және талдаудың негізгі әдістерінің бірі болып табылады. Нанотехнология саласында нанокұрылымдарды зерттеудің әдістері мен құралдары мүмкіндіктерін кеңейтуде және тереңдетуде сканирлеуші зондтық микроскопияның алар орны маңызды.

Пәннің негізгі мақсаты – докторанттарға зондтық микроскопияның және электрондық микроскопиялық талдаудың мүмкіндіктері жөнінде түсініктерді, сондай-ақ, аппаратурамен және стандартты электрондық микроскопиялық кескіндермен жұмыс жасаудың практикалық дағдыларын қалыптастыру.

**Күтілетін нәтижелер:** докторанттарда эксперименттік зерттеулер жүргізу және нәтижені өңдеу дағдылары қалыптасады.

**Постреквизиттер:** кәсіптік және арнайы пәндер.

## FSSPR7215 Кішіөлшемді құрылымдардың физикалық қасиеттері –

### 3 кредит

**Пререквизиттер:** конденсирленген күйлер физикасы, кванттық механика негіздері

**Оқыту мақсаты:** Докторанттарда наноөлшемді құрылымдар физикасы негіздерімен, оларды алу және қолдану әдістері жөнінде заманауи ғылыми түсінік қалыптастыру. Заманауи өлшеуіш аппаратураларда эксперименттік зерттеулер жүргізу және өлшеу нәтижелерін өңдеу дағдыларын қалыптастыру.

**Қысқаша мазмұны:** «Өлшемі төмендетілген құрылымдардың физикалық қасиеттері» пәні наноқұрылымды материалдардың физикалық қасиеттері, кванттық өлшемді құрылымдар технологиялары және оларды микро- және наноэлектроника аспаптарында қолдану жөнінде түсінік береді.

**Күтілетін нәтижелер:** докторанттар төмен өлшемді құрылымдардың қалыптасуының физика-химиялық аспектілері, олардың оптикалық және электрлік қасиеттері туралы түсініктер алады.

**Постреквизиттер:** кәсіптік және арнайы пәндер.

## KMNS – Наноқұрылымдарды компьютерлік модельдеу – 3 кредит

**Пререквизиттері:** Наносистемалардың жалпы мәселелері.

**Оқыту мақсаты:** математикалық модельдеу және материалдар мен процестерді оңтайландыру әдістері бойынша білім алу, материалтануда компьютерлік модельдеудің тәжірибелік дағдыларын меңгеру және материалдар көрсеткіштерін тексеру, өңдеу және оңтайландыру процестерін өндірістегі тәжірбиелер барысында емес, тікелей компьютерде меңгеру.

**Қысқаша мазмұны:** Көп компонентті наножүйелерді 3d-жобалау принципін, наноматериалдардың қолдану аймағын, жұмыс жасау шартын және өңделуін ескерумен оптималды көрсеткіштерін анықтау үшін қолданылатын компьютерлік модельдеуді, сонымен қатар, есептік техника көмегімен математикалық модельдеу топтамасын қарастырады. Наноинженериядағы наножүйелер мен нанообъектілерді 3d-жобалау жүйелері мен құралдары. Автоматтандырылған жобалау жүйесі мен компьютерлік құралдың көмегімен электрондық компонентті базаның есептеу әдістері, жобалау, конструкциялау және модернизациялау. Пәннің мақсаты – наножүйелерді, наноматериалдарды және наноқұрылымдарды жаңа функционалдық мүмкіншіліктерімен модельдеуге және 3D-наножүйені (наноқондырғыны) компьютерлік жобалауға үйрету, білімін және дағдылығын қалыптастыру.

**Күтілетін нәтижелер:** пәнді меңгеру нәтижесінде негізгі математикалық есептеулерді – интегралдау, дифференциалдау, сызықты және трансцендентті теңдіктер мен теңдіктер жүйесін ЭЕМ көмегімен шешу әдістерін, математикалық модельдерді тұрғызу принциптерін, математикалық модельдердің негізгі түрлерін білуі тиіс және математикалық есептерді негізгі сандық шешу әдістерін қолдануды, есептеуіш есептерін

шешу үшін алынатын нәтиженің қажетті дәлділігін ескере отырып, алгоритмдер мен бағдарламалар жасау, математикалық модельдерді зерттеу аналитикалық әдістерін таңдай білуі тиіс.

**Постреквизиттері:** «Компьютерное моделирование наноструктур» пәнінен алған білімдерін докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауда, докторлық диссертациялық жұмыстарын дайындауда және жазуда, сонымен қатар алдағы кәсіби қызметтерінде қолданады.

### **CSNT – Нанотехнологиялардағы коллоидты жүйелері – 3 кредит**

**Пререквизиттері:** Жаңа материалдар. Наносистемалардың жалпы мәселелері

**Оқыту мақсаты:** докторанттардың қазіргі заманғы коллоидтық химия мен нанотехнологияның теоретикалық және эксперименттік негіздерін үйренуі, нанохимияның қарапайым ғылымдық және философиялық мәнін көрсетуі, халық шаруашылығының түрлі салаларында беттік құбылыстар мен дисперстік жүйелер орнын анықтау жолдары.

**Қысқаша мазмұны:** Пәнде, нанодисперсті жүйелердің классификациясын, қағидаларын, белгілерін, Траубе-Дюкло теориялық ережесінің дәйектемесін, беттік үлдірлерді құрастырады. Беттік үлдірлерді қолдану. Заттың коллоидты күйі. Нанодисперсиялық жүйелердің қасиеттерінің ерекшелігі. Дымқылдану. Қисық бұрышты дымқылдану. Эмульсиялар. Дисперсиялықтың дәрежесі және эмульсия-лардың түрлерінің топтамасы, оларды анықтау әдістері. Нанодисперсиялық жүйелерді алу әдістері және олардың тазарту. Когезия және адгезияның жұмысы. Дюпре теңдеуі. Жұмыс терминдеріндегі дымқылдану шарттары. Эмульгаторлар, түзу және кері эмульсиялардың тұрақтандыруға арналған БАЗ-ты таңдауының қағидалары. Беттік құбылыстардың нақты беттердің дымқылдануына әсер ететін факторлары, жылу динамикасы. Көбіктер. Көбіктердің құрылысы және олардың топтамасы. Көбіктердің еселілігі. Нанодисперсиялық жүйелердің адсорбциясы, олардың адсорбциондық қатпарларының қасиетіндегі құбылысы. Лэнгмюр теория. Негізгі ережелер. БАЗ-тың көбік түзілдіргіш қабілеттілігіне электролиттерінің әсері.

**Күтілетін нәтижелер:** эмульсия алуды және оның тұрақтылығын бағалау; нанодисперстік жүйелерде құрылым түзушінің критикалық шоғырлануын анықтау; жоғары шоғырланған нано- және ультрадисперстік жүйелерде коагуляциялық және конденсациялық құрылымдардың түзілуін білу.

**Постреквизиттері:** «Нанотехнологиялардағы коллоидты жүйелері» пәнінен алған білімдерін докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауда, докторлық диссертациялық жұмыстарын дайындауда және жазуда, сонымен қатар алдағы кәсіби қызметтерінде қолданады.



## TNO – Ғылыми білім беру теориясы – 3 кредит

**Пререквизиттері:** Педагогика. Ғылымның тарихы мен философия.

**Оқыту мақсаты:** ғылыми жұмыстың ұйымдастыру негізінде ғылыми білімнің негізгі категорияны және теориялық негізін ұғыну; докторанттардың диссертациялық зерттеу негізін әдістемелік оқыту; қазіргі заманғы наноматериалдар тапсырмасын шешу кезіндегі зерттеу қызметінің ғылыми аспаптарын еркін түрде меңгеру керек.

**Қысқаша мазмұны:** Зерттейтін бір топ құбылыстар туралы жүйелі білім беру теориясы. Нақты ғылыми пәндерінде және пәнаралық байланыстарында көрсетілетін теориялық білімдерінің жүйелі сипаты. Теорияның құрылысы, ғылыми білімдерді жүйелеу процесіндегі эмпирикалық және теориялық ұғымдардың рөлі. Методологиялық мәселелер жағынан наноматериалдар ғылымының теориялық құрылысы, функциялары және оны талдау. Наноматериалдар ғылымдағы методологиялық мәселердің сипаты. Нано-материалдар мен нанотехнологиялар саласының мамандарын ғылыми даярлаудың теориялық концепциялары. Наноматериалдар мен нанотехнологиялар саласында ғылыми даярлаудың ерекшелігін белгілейтін факторлар. Теория мен практика арасындағы байланысы. Наноматериалдар мен нанотехнологиялар саласында өзгеше мәселелерді талдау шаралары мен әдістері.

**Күтілетін нәтижелер:** пәнді игеру негізінде докторант ғылым құрылымын өте ауыр, білімнің динамикалық жүйесі жүзінде түсіне білуі керек; әдістемелік ізденіс ғылыми түрде жүргізуді үйрету; теориялық білімін және қазіргі таңда дамыту факторларын ескерумен диссертациялық зерттеуді жүргізуде тәжірибелік дағдыларын қолдана білуі.

**Постреквизиттері:** «Ғылыми білім беру теориясы» пәнінен алған білімдерін докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауда, докторлық диссертациялық жұмыстарын дайындауда және жазуда, сонымен қатар алдағы кәсіби қызметтерінде қолданады.

## ON7219 Нанокұрылымдар оптикасы – 3 кредит

**Пререквизиттер:** Төменөлшемді жүйелер физикасы

**Оқыту мақсаты:** Фотосерпімділік, акустооптика, фоторефракция, термооптика құбылыстары кезіндегі оптикалық материалдардың, оның ішінде, нанокұрылымды материалдардың физикалық қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын зерттеу.

**Қысқаша мазмұны:** Нанокұрылымдар оптикасы – оптоэлектроника, наноэлектроника, сондай-ақ, жаңа заманғы ақпараттық жүйелер құрылғылары мен аспаптарын жасауда негізгі теориялық база болып табылады. Пәнді оқыту барысында квази- екі өлшемді шұңқырлар, квази-бір өлшемді және кванттық жіптер және квази-нөл өлшемді кванттық нүктелер, өлшемді квантталу принципі және кванттық өлшемді құбылыстарды бақылау шарттары, сондай-ақ, күйлер тығыздығы функцияларының ерекшеліктері және төмен өлшемді жүйелердегі заряд тасымалдаушыларының

статистикалары, кванттық шұңқырлардың оптикалық қасиеттері және кинетикалық эффектілер қарастырылады.

**Күтілетін нәтижелер:** Физика және нанотехнология есептерін шешуге қажетті теориялық білімді меңгереді, және заманауи эксперименттік қондырғыларда жұмыс жасау тәжірибесіне ие болады.

**Постреквизиттер:** Конденсирленген күйлер физикасы.

### **ON7220 Оптикалық наноқұрылғылар – 3 кредит**

**Пререквизиттер:** конденсирленген күйлер физикасы.

**Оқыту мақсаты:** Докторанттарда оптикалық наноқұрылымдар және оларды қолдану әдістері туралы ғылыми түсініктер қалыптастыру.

**Қысқаша мазмұны:** «Оптикалық наноқұрылғылар» пәні кеңістіктік біртекті еместілігі жүзден бастап бірнеше нанометрге дейінгі масштабтағы қатты денелік гетероқұрылымдардың оптикалық қасиеттері жөнінде түсінік береді. Пәннің мазмұнында фотондық кристалдар, кванттық нүктелер, шұңқырлар және асқын торлар, металдық нанобөлшектер сияқты маңызды объектілерді теориялық және эксперименттік зерттеулерінің нәтижелері келтірілген. Наноқұрылымдар, металдық нанокластерлер негізіндегі наножүйелердің оптикалық қасиеттері және наноқұрылымдардың электрөткізгіштігі қарастырылады.

**Күтілетін нәтижелер:** докторанттарда заманауи аппаратураларда эксперименттік зерттеулер жүргізу және нәтижені өңдеу дағдылары қалыптасады.

**Постреквизиттер:** Төмен өлшемді жүйелер физикасы.

### **НТНР – Химия өнеркәсібіндегі нанотехнологиялар – 3 кредит**

**Пререквизиттері:** Жаңа материалдар. Наносистемалардың жалпы мәселелері

**Оқыту мақсаты:** білім алушылардың химиялық өнеркәсіптің нанотехнология аймағында ғылыми-техникалық мәселелерін болжамдау және оның тәжірибелік шешу әдістерін қалыптастыру.

**Қысқаша мазмұны:** Нанотехнологиядағы химия әдістері. Ленгмюр-Блоджеттің жұқа қабыршақ технологиясы. Химия процестері бар тіркестегі туннельді-зондты нанотехнология. Композициялық материалдарды өңдеу және олардың алу технологиясы. Беткі және жұқа қабыршақ-тардың және тағы басқа наноқұрылымдар түрлерінің нанотехнологияда даму қарқыны. Молекулалық-сәулелік эпитакия. Молекула-лық қатпарлау әдісі. Синтездің теориялық негіздері және беттік-активті заттарды қолдану. Синтез және БАЗ-дың технологиясы, БАЗ-ды қолдану. Компоненттердің синтетикалық жуғыш заттарға және композициялық синтетикалық жуушы ортаға әсері. Қатты фаза матрицаларының бетіндегі наноқұрылымдар синтезінің молекулалық қатпарлау әдістерінің химиялық негіздері. Молекулалық қатпарлау

әдістері жабдықтар және нанотехнологиядағы қағидалар. Көлемді нанокұрылымдарды алу әдістері. Нанокерамика, нанокомпозиттер және шыныкерамика.

**Күтілетін нәтижелер:** ғылым мен техниканың түрлі салаларында нанотехнология мен наноматериалдарды қолданудың негізгі бағыттарын, наножүйелер мен наноматериалдар алу әдістерін білу; химия өнеркәсібінде нанотехнология орынын, сондай-ақ тұтас мемлекеттің дамуында нанотехнология дамуының ықпалын түсіну; химиялық өнеркәсіпте қолданылатын нанодоңгейде өтетін процесстерді көрсету; жаңа наноматериалдар жасауда, сондай-ақ қолданыста бар наноматериалдарды орынды пайдалау үшін алған білімді қолдана білу.

**Постреквизиттері:** «Химия өнеркәсібіндегі нанотехнологиялар» пәнінен алған білімдерін докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауда, докторлық диссертациялық жұмыстарын дайындауда және жазуда, сонымен қатар алдағы кәсіби қызметтерінде қолданады.

### **FNMOP – Органикалық табиғатымен функционалдық наноматериалдары – 3 кредит**

**Пререквизиттері:** Жаңа материалдар. Наносистемалардың жалпы мәселелері

**Оқыту мақсаты:** білім алушылар нанотехнология және наноматериалдар аймағында ғылыми-техникалық мәселелері жөнінде шолу жасау және оны тәжірибеде қойылған мәселелерді шешу жолдарын ұйғару.

**Қысқаша мазмұны:** Нанодисперсті жүйеде фаза бөлімінің беткі қабаты және капиллярлы көрінісі. Нанодисперсті жүйеде адсорбцияның көріністері. Нанодисперсті бөлшектің беткі қабатындағы активті заттың адсорбциясы. Лиофильді және лиофобты нанодисперсті жүйенің түзілуі. Тұрақты және лиофобты нанодисперсті жүйенің дамуы. Дисперсті жүйенің және материалдың физика-химиялық механикасылық негіздері. Нанодисперсті жүйені алудың негізгі қағидалары. Нанодисперсті жүйені алудың конденсациялық әдістері. Нанодисперсных жүйелерде гетерогендік жаңа фазаның түзілуі. Нанобөлшектің дисперациялық әдісі. Нанобөлшектің дисперстілігін (өлшемін) анықтау әдістері.

**Күтілетін нәтижелер:** білуі керек: нанообъектілердің жалпы қасиеттерін, физика-химиялық қасиеттері мен алу әдістерін; наноматериалдар зерттеу және талдау үшін негізгі әдістері мен аспаптарын, табиғи органикалық функционалдық наноматериалдарды алудың негізгі технологиялық әдістерін;

істей білуі керек: зертханалық шартта нанобөлшектер мен наноматериалдар алуды және сапасын бағалауды; табиғи органикалық функционалдық наноматериалдар алуды және қасиеттерін физикалық және химиялық процестерін зерттеуді және модельдеуді;

меңгеруі керек: нанобөлшектер мен наноматериалдар зерттеу және талдаудың негізгі аспаптық әдістерін; нанобөлшектер мен наноматериалдар алудың негізгі әдістерін; өлшеу экспериментін жоспарлауды және оны жүргізу әдістерін,

эксперименттік мәліметтерді өңдеуді және эксперимент нәтижелерін бағалау әдістерін таңдап, оны қолдануды.

**Постреквизиттері:** «Органикалық табиғатымен функционалдық наноматериалдары» пәнінен алған білімдерін докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауда, докторлық диссертациялық жұмыстарын дайындауда және жазуда, сонымен қатар алдағы кәсіби қызметтерінде қолданады.

**NPIONT – Нанотехнология аймағының ғылыми-педагогикалық иноватикасы – 3 кредит**

**Пререквизиттері:** Педагогика. Ғылымның тарихы мен философия

**Оқыту мақсаты:** білім алушылардың педагогикалық жаңартушылық туралы білім беруде жаңалықты ашу, ендіру, меңгеру және пайдалану туралы ғылым ретінде оқыту, жаңа енгізулер типтері, жаңартпашыл білім беру ерекшеліктері, әртүрлі деңгейлерде – оқыту пәнінен мемлекетте білім беруді жаңартуға дейін педагогикалық жаңалықтарды жобалау және іске асыруды оқыту.

**Қысқаша мазмұны:** Білім берудің мазмұнын талдау, негіздеу және жобалау шаралары ретінде ғылыми және педагогикалық иноватика. Ғылыми принциптері, ұғымдық аппараттары, шаралары, ғылыми және педагогикалық иноватиканы қолдау мүмкіндіктерінің шектері. Техникалық білім беру саласындағы педагогикалық инновациялары, білім жүйесі және оған сәйкесті қызметі. Ғылыми және педагогикалық иноватиканы әлемдік практикада игеру тәжірибесі. Нанотехнологиялар саласындағы ғылыми және педагогикалық жаңа енгізілімде-рінің методологиялық аспектілері. Нанотехнологиялар саласындағы пәндерді оқу процестің ғылыми және педагогикалық жаңа енгізілімдер бағалау және қолдау. Педагогикалық инновацияларды есепке алумен нанотехнологияларды білу әдістері (моделдеу, жобалау және т.б.).

**Күтілетін нәтижелер:** пәнді меңгеру нәтижесінде докторанттар педагогикалық инновацияны іске асыру механизмдерін, иноватикалық білім беру қызметін, педагогикалық жаңартушылықтарды жобалау және іске асыру және иноватика-педагогикалық қызметтің рефлексия туралы білуі тиіс.

**Постреквизиттері:** «Нанотехнология аймағының ғылыми-педагогикалық иноватикасы» пәнінен алған білімдерін докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауда, докторлық диссертациялық жұмыстарын дайындауда және жазуда, сонымен қатар алдағы кәсіби қызметтерінде қолданады.

**SMVF7224 Есептеуіш физиканың заманауи әдістері – 3 кредит**

**Пререквизиттер:** есептеуіш физика.

**Оқыту мақсаты:** есептеуіш физиканың классикалық және заманауи әдістерін меңгеру, яғни, талдау есептерінің сандық әдістерін, жуықтаудың теориясын және алгебрасын, қарапайым дифференциалдық теңдеулердің және дербес туындылары бар

теңдеулердің есептерін шешу үшін сандық әдістерді меңгеру, сондай-ақ, заманауи компьютерлерде алгоритмдер және бағдарламалық кешендер жасауға үйрену.

**Қысқаша мазмұны:** сызықты емес теңдеулер мен жүйелерді шешу, яғни, итерациялық әдістер; вариациялық есептеу. Функцияларды жуықтау: ең жақсы жуықтаулар; интерполяциялау; сплайн-жуықтау. Сандық интегралдау: интерполяциялық квадратуралық формулалар; Гаусс типіндегі квадратуралық формулалар; еселік интегралдарды жуықтап есептеу. Интегралдық теңдеулерді сандық шешу: екінші текті Фредгольм және Вольтерра интегралдық теңдеулерін шешу әдістері. Коши есебін сандық шешу әдістері: қатаң емес есептер; қатаң жүйелер. Қарапайым дифференциалдық теңдеулер үшін шекаралық есептерді шешу: Коши есебіне алып келуге негізделген әдістер; вариациялық әдістер; торлық әдістер. Разностные схемалар теориясын кіріспе: разностных схемалар теориясының негізгі түсініктері; орнықтылықты зерттеу әдістері. Стационарлық теңдеулер үшін разностные схемалар: күрделі пішін аймақтарындағы сандық әдістер. Стационар емес теңдеулер үшін разностные схемалар: бір өлшемді теңдеулер; көпөлшемді есептер. Монте-Карло әдістері.

**Күтілетін нәтижелер:** компьютерде жүзеге асатын математикалық есептеулер ерекшеліктерін және сандық әдістердің теориялық негіздерін білу. Ғылыми мәселелердің математикалық шешімдерінің алгоритмін құра білу; сандық әдістерді жүзеге асыратын бағдарламалар жасай алу. Физикалық есептерді шешу үшін сандық әдістердің базалық инструментариясын қолдану дағдысын, кәсіптік қызметте сандық модельдерді құру, талдау және қолдану әдістерін игеру.

**Постреквизиттер:** Ғылыми зерттеулерге теориялық негіздер. Докторлық диссертацияны дайындау.

### **КМ7225 Компьютерлік модельдеу – 3 кредит**

**Пререквизиттер:** есептеу физикасы.

**Пәнді оқыту мақсаты:** компьютер көмегімен физикалық есептерді математикалық модельдеуге қажетті сандық әдістер және есептеу алгоритмдері жайында білім алушыларға жүйелі көзқарас орнату.

**Қысқаша мазмұны:** сандық есептеулер заманауи жаратылыстанудың органикалық бөлігі болып табылады, және кәсіпқой физик үшін компьютердің есептеу қуатын тиімді қолдана білу ерекше маңызды. Пән материалы бірінші жыл оқып жатқан докторанттар үшін, физикалық жүйелерді модельдеу үшін компьютерді тікелей қолдану мысалдарында есептеуге дағдылануын жетілдіруге бағытталған. Оған заманауи есептеу физикасына жататын сандық әдістерінің минималь жиыны кіреді. Олардың әрқайсысына, яғни әдістерге алғашында толықтай тоқталып (эвристикалық мақамда), содан кейін классикалық, кванттық немесе статистикалық физикаға жататын тривиальды емес есепті шешу үшін қолданылады. Бұл мысалдар университеттік жалпы және теориялық физика курстарындағы материалдарды кеңейту және тереңдету

мақсатында таңдап алынған; олар, сондай-ақ белгілі-бір мақсатта қолданылатын есептеу әдістерінен тәуелсіз маңызды жеке қызығушылық тудырады.

**Күтілетін нәтижелер:** компьютерлік модельдеудің алдыңғы қатарлы әдістерін қолдана отырып, техникалық физиканың қолданбалы ғылыми есептерді қоюға, тұжырымдауға және шешуге, физика және математика пәндері бойынша алынған білімді қолдана алу қабілеттілігін көрсету.

**Қысқаша мазмұны:** есептеу экспериментінің, математикалық физика есептерінің сандық шешу әдістерінің жоспарлау және шешу жолының технологиясын білу. Тұтас орта динамикасы және көп бөлшектер жүйесі есептерін шешу үшін сандық әдістерді қолдана білу, есептеу экспериментін жүргізе және оның нәтижелерін интерпретациялай білу.

**Постреквизиттер:** ғылыми зерттеулер үшін теориялық негіздер. Докторлық диссертацияны дайындау.

### **NFP – Наноөлшемді функционалдық қаптамалар – 3 кредит**

**Пререквизиттері:** Материалдардың фундаменталдық мәселелері

**Оқыту мақсаты:** қорғаныш, қорғаныш-декоративтік және арнайы наноөлшемдік жабындарды алу және оларды қолдану тәсілдерімен, негізгі сипаттамаларымен танысу; наноқаптамалар материалын және наноөлшемдік функционалдық қаптамалардың физика-механикалық және қолдану параметрлерін жоғарлату үшін қаптамалар алу шарттарын таңдау.

**Қысқаша мазмұны:** Функционалдық қаптамалардың түрлері. Әртүрлі беттір үшін жабындылар. Әртүрлі қолдануының функционалдық жабындылар зерттеулердің қазіргі күйі. Көпфункционалдық наноқұрылым-дық қабыршақтары. Қабыршақ алудың әдістерінің шолу. Трибологиялық жабындылар. Медицина саласындағы жабындылар. Өздігінен майлану жабындылар. Жылу өткізгіш жабындылар. Қызуға төзімділік, коррозияға және жоғары температуралық тотығуына тұрақтылық бар жабындылар. Акустика-оптикалық жабындылар. Жабыну түсіру технологиялар. Лазер сәулелену арқылы композициялық жабындылар алудың технологиялық негіздері. Беттік топография. Беттік топографиясын зерттеу әдістері.

**Күтілетін нәтижелер:** «Наноөлшемдік функционалдық қаптамалар» пәнін меңгеру нәтижесінде білім алушы мынандай білім нәтижелерін көрсетуі керек: ғылым мен техниканың негізгі заңдылықтарын, қазіргі заманғы наноматериалдар мен нанотехнологиялардың даму этаптарын білуі; наноөлшемдік функционалдық қаптамалар аймағында ғылыми зерттеулер мен техникалық зерттеулердің әдіснамалық негіздемесін дайындай білуі;

**Постреквизиттері:** «Наноөлшемді функционалдық қаптамалар» пәнінен алған білімдерін докторанттар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасауда, докторлық диссертациялық жұмыстарын дайындауда және жазуда, сонымен қатар алдағы кәсіби қызметтерінде қолданады.

## МРР – Жартылай өткізгіштер материалтануы – 3 кредит

**Пререквизиттері:** Жаңа материалдар. Наносистемалардың жалпы мәселелері

